

Ресми рецензент, Қазақстан Республикасы, медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, КеАҚ «Қарағанды медицина университеті» клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі Қалиева Шолпан Сабатаевнаның, 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға бағытталған Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Жазбаша пікір

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулерді курсивпен бөліп көрсету)
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күні бойынша) ғылымның дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама аясында орындалған (жоба немесе бағдарламаның атауын және нөмірін көрсету қажет).</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету қажет).</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету қажет).</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмыс Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің «Фармакология, клиникалық фармакология» кафедрасында орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ішкі грант бойынша қаржыландырылған «COVID-19 бар науқастарда ілеспелі бактериялық инфекциялар мен антибиотиктерге төзімділіктің фармакоэпидемиологиясы: Ақтөбе облысындағы жағдай» атты ғылыми-техникалық жоба аясында орындалды (№13/2-18-153-н/қ бұйрық, 2022 жылғы 3 наурыз). Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына «Өмір мен денсаулық туралы ғылым» сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері медициналық ғылымның дамуына, әсіресе клиникалық фармакология, антибактериялық терапияның фармакоэпидемиологиясы және

		<u>ашылған</u> /ашылмаған.	фармакоэкономикасы салаларына елеулі үлес қосады. Ә.А. Балапашеваның зерттеуі COVID-19 пандемиясы жағдайында бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолданудың ғылыми негізін қалыптастыруда маңызды мәнге ие. Алынған деректер Қазақстандағы антибиотиктерді тұтыну ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, тұтыну динамикасына әсер ететін факторларды анықтайды және пандемияда оларды ұтымды қолдануды бағалауға жол ашады. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері антибактериялық терапияны оңтайландыруға бағытталған ұлттық стратегиялар мен клиникалық хаттамаларды әзірлеуге негіз болады. Бұл өз кезегінде антибиотиктерге төзімділік деңгейін төмендетуге және медициналық көмектің сапасын арттыруға ықпал етуі мүмкін.
3.	Өз бетінше жұмыс істеу қағидасы	Өз бетінше жұмыс істеу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа 3) Төмен Өз бетінше жұмыс істеу жоқ	Диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындаған аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады. Зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде диссертант фармакоэпидемиологиялық және клиникалық-экономикалық талдауды, сондай-ақ ДДҰ-ның AWaRe әдіснамасы бойынша антибактериялық препараттарды тұтынуды бағалауды жеке өзі жүргізді. Автор деректер базасын өздігінен құрастырды, статистикалық өңдеу жүргізді, алынған нәтижелерді интерпретациялап, қорытындылар мен практикалық ұсынымдарды тұжырымдады. Жоғарыда аталғандардың барлығы диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеушінің дербестік деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) Негізделген; 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген.	Бұл зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандық денсаулық сақтау саласындағы ең ірі қауіптердің бірі антибиотикке төзімділік мәселесімен анықталады. COVID-19 пандемиясы бұл проблеманы айтарлықтай ушықтырды, өйткені ДДҰ деректері бойынша COVID-19-бен ауыратын науқастарда бактериялық коинфекциялар сирек кездескеніне қарамастан, бактерияға қарсы препараттарды шамадан тыс жиі тағайындалған. Қазақстан ДДҰ ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, антибиотикке төзімділіктің алдын алу және оны бақылау

			<p>бойынша жүйелі шараларды жүзеге асырып келеді. Алайда осы шараларға қарамастан, нақты клиникалық практикада антибиотиктерді тұтынудың жоғары деңгейі сақталуда, әсіресе COVID-19 пандемиясы сияқты төтенше жағдайлар кезінде. Бұл жағдай бактерияға қарсы препараттарды тұтыну құрылымына кешенді талдау жүргізу және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған ұсынымдар әзірлеу қажеттілігін айқындайды, сондай-ақ диссертант таңдаған тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.</p>
		<p>4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:</p> <p>1) Көрсетеді; 2) Ішінара көрсетеді; 3) Көрсетпейді.</p>	<p>Сараптамалық кеңестің (4.2 тармақ) ескертпесін ескере отырып, зерттеу ауқымы әртүрлі бейіндегі екі стационарды камту арқылы кеңейтілді. Осыған байланысты диссертация тақырыбы нақтыланып, бастапқы «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбын «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» деп түзетілді. Мұндай түзету зерттеуге көпорталықты сипат беріп, оның ғылыми нәтижелерінің репрезентативтілігін арттырды. Нәтижесінде диссертация мазмұны тандалған тақырыптың мәнін толық ашады. Жұмыс аяқталған ғылыми зерттеу ретінде сипатталады: барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыдан өзара байланысты, алынған нәтижелер ғылыми тұрғыда негізделген, ал жасалған қорытындылар зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.3 Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) Сәйкес келеді; 2) Ішінара сәйкес келеді; Сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертация тақырыбының нақтылануына байланысты «Зерттеудің мақсаты мен міндеттері» бөліміне тиісті өзгерістер енгізілді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері Rational Use Index (RUI) көрсеткішімен толықтырылды. Бұл көрсеткіш бактерияға қарсы препараттарды қолданудың ұтымдылық деңгейін сипаттайтын интегралды индекс болып табылады және COVID-19 пандемиясына дейінгі және оның барысында стационар</p>

			<p>деңгейінде олардың қолданылу тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл зерттеудің ғылыми маңыздылығы мен практикалық бағыттылығын айқындай түседі. Қойылған мақсатқа жету үшін үш негізгі міндет айқындалды: АТС/DDD әдіснамасын пайдалана отырып, бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың салыстырмалы фармакоэпидемиологиялық бағасын жүргізу; АВС/VEN-талдау негізінде салыстырмалы клиникалық-экономикалық талдау орындау; сондай-ақ ДДҰ-ның АWaRe жіктемесін ескере отырып, бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын бағалау және олардың ұтымды қолданылу индексі (RUI) анықтау. Осылайша, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сәйкес келіп, зерттеудің мазмұндық және әдіснамалық тұтастығын қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Толығымен өзара байланысты;</u> 2) Ішінара өзара байланысты; 3) Өзара байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияның құрылымы логикалық және бірізді түрде құрылған. Барлық бөлімдер, мақсат пен міндеттерді айқындаудан бастап алынған нәтижелерді талдауға дейін, өзара тығыз байланысты. Автор зерттеліп отырған мәселені терең түсінетінін көрсетіп, жұмыстың әдіснамалық бөлігін жан-жақты әрі мұқият әзірлеген. Зерттеу нәтижелеріне негізделген қорытындылар мен практикалық ұсынымдар ғылыми тұрғыдан негізделген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырылып, негізделген және бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Сыни талдау бар;</u> 2) Ішінара талдау бар; 3) Талдау автордың өз пікірі емес, басқа авторлардың пікірлерін қайталаудан тұрады 	<p>Диссертациялық жұмыста әдебиеттер мен автордың жеке зерттеу материалдары сыни тұрғыда талданды. Статистикалық өңдеу нәтижесінде алынған мәліметтер ғылыми негізделген және сенімді болып шықты. Зерттеу нәтижелері мен талдау қорытындыларына сүйене отырып, «COVID-19 кезінде антибактериялық терапияны оңтайландырудың фармакоэпидемиологиялық және клинико-экономикалық аспектілері» атты әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, практикалық қолданысқа енгізілді (РУМС ОӘБ №532, 2025 жылғы 8 мамырдағы отырыста бекітілген).</p>

5.	Ғылыми жаңалық қағидасы	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>Толығымен жаңа;</u> 2) Ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) Жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>Сараптамалық (4 тармақ) кеңестің ескертпелерін ескере отырып, диссертациялық жұмыста ғылыми жаңашылдық сипаттамасы нақтыланып және толықтырылды. Зерттеу екінші стационар деректерін қосу арқылы кеңейтіліп, пандемия кезеңіндегі науқастардың стационарлық медициналық карталары талданды. Сонымен қатар, бактерияға қарсы препараттарды қолданудың рационалдылығын бағалау үшін Rational Use Index (RUI) интегралды көрсеткіші қолданылды. Жұмыста кеңінен қабылданған талдау әдістері (ATC/DDD, ABC/VEN, AWaRe) пайдаланылды. Ғылыми жаңашылдық олардың кешенді қолданылуында және стационар деңгейінде антибиотикотерапияның рационалдығын көпөлшемді сандық бағалауға мүмкіндік беретін RUI интегралды индексінің талдауында көрінеді. Алынған нәтижелер бактерияға қарсы препараттарды қолдану тәжірибесін толық бағалау үшін қолданыстағы аналитикалық тәсілдерді біріктіру мүмкіндігін көрсетеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>Толығымен жаңа;</u> 2) Ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) Жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>Ғылыми фактілер мен қорытындылардың жеткілікті нақтыланбағаны жөніндегі (4.3 тармақ) ескерту қабылданып, ескерілді. Жұмыстың жаңартылған нұсқасында екі стационарда бактерияға қарсы препараттардың госпитальдық тұтынуының салыстырмалы бағасы жүргізілді: пандемияға дейінгі (2019 ж.) және пандемия кезеңіндегі (2020 ж.) кезеңдерде, ДДСҰ AWaRe жіктемесін қолдана отырып. Зерттеу нәтижесінде стационар профиліне қарамастан, антибиотикотерапия құрылымының «Watch» тобына қарай тұрақты ауысу тенденциясы анықталды. «Watch» препаратының үлесі көп бейінді стационарда 72,4–75,2%, инфекциялық стационарда 57,1–57,9% болды, бұл ДДҰ ұсынған $\leq 30\%$ нормасынан едәуір жоғары. Сонымен қатар, «Access» тобының препараттарының үлесі ұсынылған деңгейден төмен болды: көп бейінді стационарда 24,8–27,6%, инфекциялық стационарда 42,1–42,9% (ұсынылатын $\geq 60\%$ деңгейіне қарағанда). Алынған қорытындылар логикалық тұрғыдан негізделген және ғылыми жаңашылдыққа ие. Олардың</p>

			<p>маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің халықаралық рецензияланған журналда: Frontiers in Pharmacology (Impact Factor 4,8) журналында «Comparative assessment of antibacterial drugs used at the hospital level before and during COVID-19, according to the WHO AWaRe classification» атты мақалада жариялануымен расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады ма?</p> <p>1) <u>Толығымен жаңа;</u> 2) <u>Ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) <u>Жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</u></p>	<p>Автор ұсынған кешенді зерттеу әдістері жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған кезең-кезең алгоритм бактерияға қарсы препараттарды қолданудың рационалдылығын бағалауда фармакоэпидемиологиялық және клиническі экономикалық әдістерді біріктіруге бағытталған. Негізгі элемент ретінде Rational Use Index (RUI) интегралды көрсеткіші қолданылған, ол DDD көрсеткіштерін, ABC/VEN-талдау нәтижелерін және AWaRe классификациясына сәйкес тұтыну құрылымын біріктіреді. Ұсынылған тәсіл COVID-19 кезінде антибактериялық терапияның клиникалық хаттамаларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін, антибиотик таңдауды халықаралық стандарттарға сәйкес оңтайландыруға, емдеу тиімділігін және қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің экономикалық жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі.	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге <u>негізделген</u>/негізделмеген немесе (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бағыттары үшін) жеткілікті түрде негізделген/негізделмеген.</p>	<p>Сараптамалық кеңестің ескертпелерін ескере отырып, зерттеу екінші стационар деректерімен кеңейтіліп, алынған нәтижелердің ғылыми жаңашылдығы нақтыланды. Диссертация қорытындылары бактерияға қарсы препараттарды рационалды қолдану индексі (Rational Use Index, RUI) көрсеткіштерімен толықтырылған нәтижелер бөлімін енгізгеннен кейін түзетілді. Зерттеу барысында COVID-19 пандемиясы кезеңінде Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың едәуір артқаны анықталды, сонымен қатар «А» тобының препараттарына шығыстардың рационалсыз құрылымы байқалды. Access тобының антибиотиктері ДДҰ ұсынған деңгейден төмен болса, Watch тобының үлесі рұқсат етілген мәннен екі еседен астам артқан. Сонымен қатар,</p>

			антибиотиктердің рационалды қолдану индексі (RUI-AWaRe) 19–20 баллға төмендеді, бұл бактерияға қарсы препараттарды рационалды және рационалды емес қолдану арасындағы қатынастың нашарлағанын көрсетеді. Статистикалық тұрғыдан маңызды төмендеу ($p < 0,001$) зерттеу кезеңінде антибиотикотерапия тәжірибесінің сенімді түрде нашарлағанын растайды. Зерттеу қорытындылары бірізді берілген, логикалық тұрғыдан негізделген және жеткілікті ғылыми жаңашылдыққа ие.
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер.	<p>Әрбір ережеге жеке-жеке жауап беру қажет сұрақтар:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденген;</u> 2) көбінесе дәлелденген; 3) көбінесе дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген; 5) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Ереже тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә 2) <u>жоқ;</u> 3) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) жоқ; 3) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін 	Қорғауға ұсынылатын барлық тұжырымдар зерттеу нәтижелеріне сәйкес түзетілді. Тұжырымдар дәлелденген, ғылыми жаңашылдыққа ие, қарапайым сипатта емес және практикалық қолдану мүмкіндігі кең. Негізгі нәтижелер докторанттың жарияланған мақалаларында толық көрсетілген.

		<p>тексеру мүмкін емес; 7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес; <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ; <p>қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес;</p>	
8.	<p>Сенімділік қағидасы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың сенімділігі.</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама жеткілікті түрде сипатталған ба?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ 	<p>Сараптамалық кеңестің (4.1 тармақ) ескертпелерін ескере отырып, автор зерттеудің жаңа әдістемелік тәсілдері жөніндегі тұжырымдарды нақтылап, толықтырды. Жұмыста Rational Use Index (RUI) енгізілді бұл антибактериялық препараттарды қолданудың рационалдығын бағалайтын кешенді көрсеткіш, ол DDD деректерін, ABC/VEN-талдау нәтижелерін және AWaRe классификациясы бойынша тұтыну құрылымын біріктіреді. Ұсынылған индекс дәстүрлі әдістерді жеке қолданудан ерекшеленеді: ол антибиотик тұтыну қарқынын, экономикалық салмақты және ДДҰ ұсынымдарына сәйкестікті біртұтас аналитикалық тәсілмен бағалауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс зерттеудің негізделген дизайны, кіріктірілген және шығатын критерийлер, сондай-ақ қазіргі заманғы статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып дайындалды. Таңдалған әдістемелік тәсіл «Материалдар мен әдістер» бөлімінде толық және егжей-тегжейлі сипатталған.</p>

		<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған ба?</p> <p>1) <u>иә</u> 2) жоқ</p>	<p>Эксперттік кеңестің (тармақ 4.4) ескертулерін ескере отырып, зерттеу аясында бактерияға қарсы препараттарды тұтыну мен шығындарды бағалаудан тыс, клиникалық нәтижелердің кешенді талдауы жүргізілді. Талдауға 2020 жылы екі стационарда госпитализацияланған пациенттердің стационарлық медициналық карталары енгізілді. Бактерияға қарсы препараттарды қолданудың рационалдылығын сараптау үшін «Антибиотикотерапияны сараптау парағы» қолданылды, сондай-ақ AMRcloud платформасын пайдалана отырып жүргізілген микробиологиялық зерттеулердің нәтижелері қолданылды, бұл Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында бактерияға қарсы препараттарды рационалды және рационалды емес қолдану жағдайларын анықтауға мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми тәсілдер, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері, сонымен қатар компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Жұмыстың артықшылығы – нәтижелердің көрнекі ұсынылуында: деректер кестелер мен суреттер түрінде берілген және заманауи зерттеу әдістерін пайдаланып статистикалық өңдеумен расталған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденген (педагогикалық ғылымдар саласында – педагогикалық эксперимент арқылы):</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста берілген теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар толық дәлелденген және жүргізілген зерттеудің нәтижелерімен расталған. Алынған мәліметтер заманауи фармакоэпидемиологиялық, клиникалық-экономикалық және статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы негізделген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге</p>	<p>Диссертацияда мәселенің терең талдауы берілген, ол отандық және шетелдік авторлардың ең жаңа деректерімен расталған.</p>

		сілтемелер арқылы расталған/ішінара расталған/расталмаған.	Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі тұжырымдар рецензияланған басылымдарға сілтемелер арқылы қолдау тапқан, бұл ғылыми тәсілдің сенімділігі мен дұрыстығын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз.	Құрастырылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының жан-жақты талдануы мен терең қарастырылуын қамтамасыз етті. Әдеби шолу мен талқылауды дайындау барысында 153 дереккөз пайдаланылған, оның 121-і шетелдік. Шетелдік әдебиеттің басым болуы аталған мәселеге халықаралық ғылыми қызығушылықтың жоғары екенін көрсетеді және оның ғаламдық өзектілігін растайды.
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар ма? 1) иә; 2) жоқ	«Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығына күмән жоқ: зерттеу нәтижелері әртүрлі білім деңгейлерінде оқу процесінде қолданылуы мүмкін, соның ішінде «Клиникалық фармакология» мамандығының резиденттері үшін «Рационалды микробқа қарсы терапия және антибиотикопрофилактика. Антимикробтық препараттарға төзімділік мәселелері» пәнін оқыту барысында пайдаланылады».
		9.2 Диссертацияның практикалық мәні бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс практикалық бағытқа ие және қазіргі медицинадағы өзекті мәселе COVID-19 байланысты пневмонияны емдеуде бактерияға қарсы препараттарды рационалды қолдануға арналған. Жүргізілген зерттеу халықаралық әдістемелерді (ATC/DDD, ABC/VEN, WHO AWaRe) және интегралдық индекс Rational Use Index (RUI) қолданудың арқасында антибиотиктердің тұтынылуы мен шығындарының тиімді еместігін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл нәтижелер пандемия жағдайында медициналық ұйымдардың формулярлық саясатын оңтайландыруда практикалық маңызға ие. Алынған деректер клиникалық фармакологтар, пульмонологтар және инфекционистер үшін антибактериалды терапияны таңдауда, ресурстарды рационалды бөлу мен емдеу хаттамаларын жетілдіруде, сондай-ақ антибиотиктерге төзімділіктің өсу жағдайында қолданылуы мүмкін.

		<p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Толығымен жаңа; 2) Ішінара жаңа (25–75% аралығы жаңа) 3) Жаңа емес (25%-дан азы ғана жаңа). 	<p>Автор ұсынған практикалық ұсыныстар жаңа, жүзеге асырылатын және клиникалық тәжірибеде қайта қолдануға болатын сипатқа ие, бұл бактериалды асқынуларды емдеудегі тәсілдерді едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы.	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары; 2) Орташа 3) Ортадан төмен 4) Төмен 	<p>Диссертация классикалық құрылымға сәйкес жасалған және кіріспеден, әдебиеттер шолуынан, зерттеу материалдары мен әдістері бөлімі, өз зерттеулерінің нәтижелері, қорытынды, тұжырымдар мен практикалық ұсыныстардан, сондай-ақ әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертация 150 бет компьютерлік мәтін түрінде берілген және 23 кесте мен 38 суретті камтиды. Диссертациялық материал жоғары деңгейде ұсынылған, грамматикалық тұрғыдан дұрыс, қысқа әрі түсінікті ғылыми медициналық тілде баяндалған.</p>
11.	Диссертация бойынша ескертулер.	<p>Диссертациялық жұмысты рецензиялау барысында ғылыми пікірталас ретінде диссертанттың түсіндіруін қажет ететін келесі сұрақтар туындады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмысыңызда сіз бактерияға қарсы препараттарды қолданудың рационалдылығын бағаладыңыз. Осы қолдануда рационалды немесе рационалды емес деп жіктеу үшін қандай негізгі критерийлерді пайдаландыңыз? 2. Сіз 2020 жылғы стационарлық медициналық карталардың деректерін пайдаландыңыз. Бұл дереккөздің қандай шектеулері сіздің талдауыңыздың толықтығына және дәлдігіне әсер етуі мүмкін еді? 	
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі (егер диссертация мақала сериясы түрінде	<p>Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар жоғары ғылыми деңгейімен және өзектілігімен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері Scopus және Web of Science деректер базаларының бірінші квартиліне (Q1) кіретін беделді халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған: бастапқыда 1 (бір) мақала, ал Сараптамалық кеңестің ескертулері жойылғаннан кейін қосымша тағы 1 (бір) мақала жарық көрген. Жұмыстар халықаралық дерекқорларға енгізілген журналдарда жарияланып, зерттеудің негізгі аспектілерін, атап айтқанда антибиотиктерге төзімділік мәселесін,</p>	

	қорғалса, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша әрбір мақаланың ғылыми деңгейіне түсініктеме береді).	фармакоэпидемиологиялық зерттеулерді, клиникалық-экономикалық талдауды және AWaRe жіктелісін қамтиды. Ұсынылған мақалалар заманауи статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы алынған түпнұсқалық деректерді қамтиды. Жарияланымдардың атаулары диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді, ал олардың ғылыми деңгейі қорғауға ұсынылған тұжырымдардың негізділігін растайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес).	Осылайша, Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» атты диссертациясын рецензиялаудан кейін, бұл зерттеу аяқталған диссертациялық жұмыс болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Диссертация 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен критерийлерге толық сәйкес келеді. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Әйгерім Алдиярқызы Балапашеваға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент

м.ғ.к., профессор
 КеАҚ «Қарағанды медицина университеті»
 Клиникалық фармакология және
 дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі



Ш.С. Калиева